



Облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың халық алдындағы есепті кездесуі

«Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің №190 Жарлығына сәйкес, 2019 жылғы 13 ақпан сағат 11.00-де Н.Бекжанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың халық алдындағы есепті кездесуі өтеді.

Есепті кездесуге байланысты халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған.

Арал ауданы бойынша: аудан әкімі аппараты, Арал қаласы әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйінің ғимараттары.

Қазалы ауданы бойынша: Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы әкімі аппаратының, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, Халыққа қызмет көрсету орталығы, Қазалы теміржол вокзалы, «Талап» авто-станциясы, «Ырыс-Болашақ» базары, Қазалы қалалық мәдениет үйі ғимараттары.

Кармақшы ауданы бойынша: Жосалы кенті әкімінің аппараты, теміржол вокзалы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі ғимараттары.

Жалағаш ауданы бойынша: аудан әкімінің аппараты, Жалағаш кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық емхана, №202 орта мектептің ғимараттары.

Сырдария ауданы бойынша: Теренөзек кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық орталық аурухана, Сырдария аграрлы-техникалық колледжі, №35, №36, №210 және №131 орта мектептер ғимараттары.

Шиели ауданы бойынша: аудан әкімінің аппараты, Шиели кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, теміржол вокзалы, «Арман» мәдениет үйі, №47, 219 орта мектептер ғимараттары.

Жанакорған ауданы бойынша: аудан әкімінің аппараты, Жанакорған кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары.

Қызылорда қаласы бойынша: Теміржол вокзалы, автовокзал, әуежай, М.Ералиева атындағы мәдениет үйі, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, «Жайна», «Универсам», «SMALL», «Сырдария» сауда үйлері, «Жаңа базар» базары ғимараттары.

Ескертпе: Барлық аудандарда және Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттердегі әкімдердің аппараттарында халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер орналасқан.

ՕՆՆՐ ՕՄՐԻ

ГАЗДАНДЫРУ: қарқынды еңбек халықтың игілігі

Сыр өңірінде облыс, аудан орталықтары ғана емес, аймақтағы ауыл тұрғындары да көгілдір отын игілігін көре бастады. Ұзақ жылдың қараша айында Шиели ауданындағы Ү.Жақаев және Бидайкөл елді мекендері табиғи газға қол жеткізіп, ауылдағы ағайын мәресіре болып қуанып қалды. Иә, аймақты газдандыру жұмыстары қалың елдің көз алдында. Нақты кезеңде облыс халқының 64 проценті, ал Қызылорда қаласы тұрғындарының 95 проценті табиғи газ тұтынып отыр. Бұл мүмкіндікке Елбасының тікелей бастамасымен қол жеткізілді.

☞ Дәуржан ЕЛУБАЕВ.

Қызылорда облысы еліміздегі инфрақұрылымы дамыған аймақтардың қатарына жатады. Бір ғажабы, мұндағы барлық 7 аудан орталығы Сырдария өзенін жағалай қоныстанған болса, экономиканың күре тамыры – теміржол мен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі де, сонымен қатар, батыстан бастау алатын аталған магистральді газ құбырының 846 шақырымы облыстағы барлық аудан орталықтарының үстінен өтеді.

Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асырылған ірі стратегиялық маңызы бар жобаның бірі – «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральді газ құбыры жобасы. Жалпы ұзындығы 1143 шақырым болатын газ құбыры Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарының аумағынан өтеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, айтулы жоба игілігін аймақ халқының басым бөлігі көріп отыр. Бастысы, облыстың аудан орталықтары мен елді мекендерін осы магистральді газ құбырына қосу бағытындағы жұмыстар толастық жағдайға жеткеніне қуанысқа толы.

Осыдан 15 жыл бұрын «Қызылорда қаласының жылу-қуат көздерін және тұрғын үй секторын ілеспе газға көшіру» жобасы басталды. Елбасы тапсырмасымен жүзеге асқан маңызды шаралардың ішінде бұл жобаның алар орны ерекше. Жоба 2004 жылы қолға алынды. Нәтижесінде облыс орталығына 124 шақырымдық «Ақшабулак-Қызылорда» магистральді газ құбыры тартылып, газтұрбиналық станса пайдалануға берілді. Сол тұста ілеспе газдың құны елдегі ең төменгі бағаны құрауы да тұрғындардың әлеуметтік деңгейін жақсартуға, яғни отын сатып алуға кететін шығындардың азаюына әкелді. Бұл тарихи сәттің қызылордалықтар есінде ұзақ сақталары анық.

Қызылорда облысын кешенді газдандыру жобасының I кезеңі осыдан 5 жыл бұрын басталды. 2015 жылы аймақтағы 4 аудан орталығы – Арал қаласы, Әйтеке би, Шиели және Жанакорған кенттері, сондай-ақ, Байқоңыр қаласы газдандырылды. Қазіргі таңда осындағы тұрғындардың 80 проценті көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Ал қалған 3 аудан орталығына газ тарту жұмыстары аяқталуға жақын.

Облыстық энергетика және коммунальдық шаруашылығы басқармасының мәліметінше, бүгінгі таңда облыстағы 3 аудан орталығын (Жосалы, Жалағаш және Теренөзек) газдандыру бойынша бірқатар нақты жұмыстар атқарылууда. Мәселен, Жосалы кентіне



арналған АГТС (автоматтандырылған газ тарату стансасы) құрылысына өткен жылы республикалық және облыстық бюджеттен 991,4 млн теңге қаржы бөлінді. Аталған нысанның құрылысы өткен жылдың мәресінде аяқталды. Ал Теренөзек кентіне арналған АГТС орнату жобасына былтыр 1,5 млрд теңге қаржы бөлінді. Оған 43,4 шақырымдық газ құбыры жүргізілді. Бұған қоса, АГТС бой көтерді. Бұл нысанның құрылыс жұмыстары алдағы ақпан айында аяқталады. Келесі кезекте кентілік газ желілерінің құрылысы басталады.

Сонымен бірге, Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қаланы газдандыру құрылысын аяқтау үшін облыс қазынасынан 650 млн теңге қаржы бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары қарқынмен жүргізілді. Аталған нысан тау құндері қолданысқа беріледі.

Көптің көкейінде «Енді қай ауылдарға газ баралды?» деген сауал жүр. Басқарма мамандарының айтуынша, өткен жылы «Қызылорда қаласындағы шынны зауытынан АГТС-1, БГРП-1 және БГРП-2, ГРП-Наурыз, Махамбет-ке дейінгі жоғары қысымды 1,2 МПа газ құбырының құрылысы және Махамбет, Наурыз елді мекендерін кварталшілік газдандыру» жобалары бойынша қаржы бөлінген. Бүгінгі таңда жоба-сметалық құжаттама дайын. Ол мемлекеттік сараптамаға қарауында.

Сонымен қатар, облыс орталығымен

іргелес жатқан Досан және Абай елді мекендерін газдандыру жұмыстары 2019-2020 жылдары мемлекет пен жекеменшік өріптестігі арқылы жүзеге асырылмақ. Осылайша, 2020 жылға қарай аймақ халқының 90 проценттен астамы көгілдір отынның игілігін көретін болады. Айта кетейік, облыстағы барлық елді мекендердің 85 проценті Сыр өліне үлкен мүмкіндік берген «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральді газ құбырының бойында орналасқандықтан мәселе оң шешімін табады деп сеніммен айта аламыз. Ал, тым шалғайдағы ауылдарға сығымдалған газ тасымалданатын болады.

Газдандырылуының аяқталуы облыс орталығының өндірістік деңгейінің дамуына, сонымен қатар, аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына, отын сатып алуға кететін шығындардың азаюына, сапалы газбен қамтамасыз етілуіне әкеледі. Атап айтарлығы, өткен жылдың 11 желтоқсан күні Мемлекет басшысының қатысуымен өткен жалпыұлттық телекөпірде Қызылорда облысынан 2 ірі индустриялық жоба іске қосылды. Соның бірі – «Қараөзек» газ компрессорлық станциясынан басталатын «Сарыарқа» магистральді газ құбырының құрылысы. Аталған газ құбыры Жезқазған, Қарағанды, Теміртау қалалары арқылы елордамыз Астанаға жеткізіледі.

ÁRİPTESTİK ÁSERİ

Жеңіл өнеркәсіп туралы айтқанда, Кеңес Одағы кезіндегі Қызылорданың аяқ киім, тоқылмайтын маталар фабрикаларын еске алып, ностальгияға берілетініміз бар. Одан келіп экономикадағы аса маңызды саланы дамытқан АҚШ, Италия, Қытай, Түркия сияқты елдердің, тіпті іргедегі Қырғызстан мен Өзбекстанның табыстарына қызығамыз. Өткенге өкініп, өзгеге қызыққаннан ештеңе өнбейтіні белгілі.

ҮЛКЕН ЖОЛ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМНАН

жеңіл өнеркәсіптің еңсесі қалай көтеріледі?

☞ Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Жаңа жылдың алдында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне сұхбаты барысында Елбасы жеңіл өнеркәсіпті, әсіресе әйелдер киімін, аяқ киім тігу өндірісін өркендету туралы тапсырма берді. Бұл көп жұмыс қолын қажет ететін сала болғандықтан, жұмыссыздықпен күресте де тиімділігі зор.

Біздің өңірде жеңіл өнеркәсіпті қолға алып, нәтижеге еңбек етіп жүрген кәсіпкерлерге облыс әкімдігінің бастамасымен, кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен тәжірибе алмасу мақсатында түр ұйымдастырылған еді. Жобаның алғашқы туры «Стамбул қаласынан басталды. Өйткені жеңіл өнеркәсіп тоқсаншыны жылдардан бері Түркия экономикасының негізгі тірегіне айналды. Киім-кешек, мата, трикотаж, тоқыма, кілем, үйге қажетті бұйымдар экспорты жөнінен әлемдегі озық позицияға орныққан.

Бұған дейін кәсіпкерлер палатасының алаңында қол-өнершілер, тігін цехтарының иелері, дизайнерлер жиналып, облыста жеңіл өнеркәсіппен айналысушылардың басын біріктіретін ассоциация құруды талқылаған еді. «Dalatex» компаниясының басшысы Ділімұхамед Абызовтың айтуынша, тек облыста емес бүкіл елімізде жеңіл өнеркәсіптің

еңсесі көтерілмей тұр. Көбінесе арнаулы киімдер тігу ісі жолға қойылған. Өріге бармай-ақ, бір отбасы жылына мыңдаған теңгені киімге жұмсайды деп алғанның өзінде қыруар қаржы шығады. Мәселе – сол қаражаттың қайда шығып жатқанында. Елімізге киім-кешектің 80 проценті Түркия, Қытай, Қырғызстан, Италия және Өзбекстаннан тасымалданады. Отандық жеңіл өнеркәсіптің қадамына түсеу салып отырған осы – шетелдік тауарларға, импортқа тәуелділік.

– Өзіміздің аймақты айтатын болсақ, тек жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп формасына 1,5 миллиард теңгеге қаржы жұмсалды екен. Оның ауқымды бөлігі Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия асады. Мәселен, жергілікті жеңіл өнеркәсіпшілер бір алаңда бас қосып, мектеп формасын тігуге толық мүмкіндігіміз бар. Оған не келері? Тұтынушылардың отандық өнімді сатып алуға деген ынтасы, жанашырлық жетіспейді. Мемлекеттік сатып алу заңының негізгі принципі де осы отандық өнімді қолдауға бағытталған емес пе? Жақында аталған заңға тауар өндірушінің атын нақты көрсету туралы өзгеріс енгізілді, – дейді кәсіпкер.

4-бет.



Мектеп асханалары талапқа сай ма?

Облыстағы жалпы білім беретін 294 мектептің барлығы асхана, буфеттермен қамтылған. Дегенмен, ондағы тазалық пен ас мәзірі, тағамдар сапасы қай ата-ананы болса да алаңдатағыны анық. Жуырда республика бойынша «Нұр Отан» партиясының «Мектеп асханалары» жобасы басталған-ды. Осы орайда қызылордалық партия мүшелері бірқатар мектепке мониторинг жасады.

☞ Шынар БЕКБАН.

Қызылорда мектептеріндегі асханаларда жоспарлы мәзір талапқа сай бекітілмейді. Тағам құнарсыздығы мен тамақ сақтау тәртібінің бұзылуынан бөлек, қарапайым ыдыс-аяқтың өзі дұрыс жуылмайды. Оқушыларды тамақтандырудағы осындай олқылықтарды орта білім беру ұйымдарына тексеріс жүргізген ведомстваралық сарапшылар тобы анықтап отыр. Денсаулық сақтау са-

ласы, үкіметтік емес ұйымдар мен ата-аналар комитетінің өкілдерінен құралған мониторингтік топ жоба аясында бірнеше рейд өткізді. Арнайы мониторингтік топ жетекшісі Жандос Тұсмағамбетов санитарлық-эпидемиологиялық талаптардан өзге жылдық және апталық мәзірдің жасакталуы, сондай-ақ тыйым салынған азық-түліктің сатылуы қатаң бақылауға алынғанын айтыуы.



– Оқушыларға небәрі 220 теңгелік тамақтың берілуі ақылға қонымсыз. Арзан астың құнары болмайтындығы айтпаса да түсінікті. Осындай кемшіліктерді анықтап, партия өкілдеріне ұсыныс жасап жатырмыз, – деді Ж.Тұсмағамбетов.

Мониторингтік топ қаладағы №9, 136, 211, 12 мектептерге барып, ондағы асхана жұмыстарын көзбен көрді.

– Партиялық жоба аясында болшақ ұрпақтың саулығын нығайту көзделіп отыр. Айта кетейік, бүгінгі күні партия бастамасымен барлық мектепке Қазақ тағамтану академиясының ұсыныстарына сәйкес және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісілген жаңа ас мәзірлері жолданған болатын. Алайда, кейбір талаптар бірқатар мектептер әлі де қолға алынбаған. Осы мәселе бойынша нақты шаралар ұйымдастырылуын бақылаймыз, – деді

партиялық бақылау комиссиясының жетекшісі Аида Әбидуллаева.

Мәселен, Аида Әбидуллаеваның айтуынша, стандарт бойынша күндік асқа 550-700 теңге қаралу керек екен. Жеміс-жидек мүлдем берілмейтін болып шықты. Тек сәрсенбі күні бір түйір алма беріледі екен. Кейбір мектептерде арнайы комиссиялардың жұмыс жоспары жоқ, күнделікті ас мәзірінің кестесі бекітілмеген, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай берілетін ас мәзірі қамтылмаған, ас сақтау қоймаларының жағдайы да көңіл көншітпейді.

Мониторинг жұмыстары аясында сараптама тобының мүшелері кемшіліктерге орай мектеп директорлары мен асхана меңгерушісіне тиісті ескертпелер жасады. Мектеп басшылары мен шағын кәсіп иелері аталған кемшіліктерді түзеуге уәде етті.

Сейсенбіде облыс әкімінің міндетін атқарушы Қуанышбек Ысқақовтың төрағалық етуімен «Ақмешіт – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің алғашқы отырысы өтті.

© Назерке САНИЯЗОВА.

ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕНІҢ ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ

Жобалық кеңсесі Елбасының жемқорлыққа қарсы күрестегі Астана қаласының тәжірибесін өңірлерге енгізу туралы тапсырмасына сәйкес ашылды. Мақсат – азаматтардың мемлекеттік билік институттарына сенімін нығайтып, халықтың қауіпті кеселге қарсы мәдениетін көтеру.

– Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, 2013 жылдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүйесінің 72%-і қылмыстық қудалаудан тұрған болса, оның 28%-і ғана профилактикалық бағытта болды. Ал 2015-2025 жылдарға арналған стратегия аясында жемқорлықпен күрес мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басты міндетіне айналды. Азаматтарды материалдық ынталандыру әдістері белгіленді, – деді Қ.Ысқақов.

Ұлттық бюронның мәліметінше, өткен жылы аталған санаттағы қылмыс түрлері мемлекеттік сатып алу, білім, медицина, құрылыс салаларында, қорғаныс істері, ішкі істер органдарында көптеп тіркелген. Осыған байланысты жобалық кеңсе мүшелері алдағы уақытта салалық құрылымдар бойынша түрлі мазмұндағы түсіндірме шараларын жүргізбек. Жынында облыс бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшысы Абзал Мұхимов, жоба жетекшісі, облыс әкімі аппаратының бас инспекторы Нұрсұлтан Сейдалиев жобалық кеңсесінің жұмыс жоспары мен мақсат-міндеттерін кеңінен тарақтып айтып берді. А.Мұхимов сыбайлас жемқорлыққа жол берген қызметкерлер үшін бірінші басшының жауапкершілігі тәртіп таразысына тартылатынын қатаң ескертті.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖАЙЛЫ ОҚУШЫЛАР ТАНЫМЫ

Бүгінгі қоғамда бәсекеге қабілетті ұлт, бақытты отбасы, саналы да білімді ұрпақ қалыптастыруға бағытталған саяси-идеологиялық шаралар тұрақты жүзеге асырылып келеді. Осы бағыттағы «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбындағы бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес «Отбасылық сот» пилоттық жобасы аясында «Менің отбасым» суреттер байқауы мен «Отан – отбасынан басталады» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылған болатын.

© Ғазиза ӘБІЛДА.

№10 Білім-инновация лицейінде байқаудың қорытындысына орай жеңімпаздарды марапаттау салтанаты болды. Шараға облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы Әділғазы Шығанбаев, облыстық білім басқармасы тәрбие және өзін-өзі тану бөлімінің басшысы Мәди Бекмағанбетов, «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Әліма Әбдіхалықова, облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры, облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Нұрсәуле Мұсаева қатысты.



Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы Әділғазы Шығанбаев өрендердің шығармашылық еңбектеріне көңілі толғанып, олардың отбасы құндылығын қастерлеудегі ой-толғамдарының орнықты, арман-мақсаттарының айқын екенін атап өтті. Балалардың болашағының жарқын болуы да отбасының береке-бірлігіне, ынтымағы мен татулығына байланысты екенін, бұл бағытта «Отбасылық сот» жобасы аясында ажырасу жағдайларының алдын алу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты.

Облыстық білім басқармасы тәрбие және өзін-өзі тану бөлімінің басшысы Мәди Бекмағанбетов осынау шара барысында оқушылардың отбасы жайлы ұғымы тереңдей түскенін жеткізді. Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы Әліма Әбдіхалықова, облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Нұрсәуле Мұсаева, №10 Білім-инновация лицейіндегі ата-аналар комитетінің төрағасы Талғат Айтбайұлы отбасының мемлекеттегі орны және жауапкершілігі туралы айтып, ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық ұстанымдар тұрғысында сөз қозғайды.

7-20-25: ҮМІТ ПЕН СЕНІМ

Елбасының «Бес әлеуметтік бастамасының» біріншісі – әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру. Осы мақсатты көздеген «7-20-25» бағдарламасы талай отбасының үмітін оятты. Себебі, бағдарлама кез келген отбасы жағдайына қарай бөліп төлей алатындай несие алып, баспанаға қол жеткізуін қамтамасыз ету еді. Біріншіден, несиенің проценті арзан, алғашқы жарнасы да, несие мерзімі де қарапайым халықтың жағдайына орайластырған. Шынында пәтерден пәтерге көшкен отбасы үшін бұл үлкен мүмкіндік.

© Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Бағдарламаның талабы соншалықты қатаң емес және оған тұрақты табысы бар кез келген адам қатыса алады. Тек атында жылжымайтын мүлік, несие қарызы болмауы тиіс. Ал, отбасының өзге мүшелері атындағы үй несие алуға кедергі болмайды.

Бүгінде «7-20-25» бойынша баспаналы болудың жаңа мүмкіндігін сырбайлықтар да жақсы пайдалануда. Ұлттық банктің облыстық филиалы ұсынған мәлімет бойынша бүгінгі күнге дейін 639 қызылордалық осы бағдарламамен үй алудың жолдарын білу үшін банк мамандарының кеңесіне

жүгінген. Нәтижесінде 48 адам несие алуға өтініш білдірсе, оның 32-не келісім берілген. Қазіргі күні 30 тұрғын бағдарлама бойынша несие алған. Аймағымызда аталған бағдарлама ЦентрКредит банк, АТФ, Цеснабанк, Халық банкі, Буразия және Форте банк арқылы жүзеге асуда.

Бұл мүмкіндікті пайдаланатындар қатары күннен-күнге көбейе түсетініне күмән жоқ. Себебі, көпшілік бағдарлама тиімділігін түсіне бастағандай.

Елбасы сөзімен айтқанда, армандар ақиқатқа айналды!



Қызылорда облыстық мәслихатының сайлау комиссиясының жаңа құрамын құру қорытындысы туралы ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес «Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 26-сессиясының 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 290 шешімімен облыстық сайлау комиссиясы қалыптастырылды.

Облыстық сайлау комиссиясы (мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1 «Облыстық мекемелер үйі» ғимараты, телефоны 60-54-36) Жунисов Абайбек Талғатович – комиссия төрағасы; Наурызбаев Қожамжар – комиссия төрағасының орынбасары; Сырлыбаева Аягуз Муратбековна – комиссия хатшысы;

комиссия мүшелері: Ерсұлтанов Адилбек Бурибаевич; Бердаулетов Бағдат Камбузович; Балабаев Мурат Султангазиевич; Дармағанбетов Ануарбек Шақратұлы.

Қызылорда облыстық мәслихаты лауазым иелерінің азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның тегі, аты жөні	Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Байқаламов Наурызбай Сейтқалиқұлы	Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы	сейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1	605401
Қосмамбет Мәс Назарұлы	«Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» ММ басшысы	бейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1	605399

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8(7242) 605401 байланыс телефоны арқылы хабарласуға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1 мекен-жай бойынша келуге болады.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі № 1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жәшігі» орналасқандығын және 605401 нөмірі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

Электронды мекен-жай: kuz_oblmastikhat@mail.ru

BRIFING

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Қызылорда облысы ТЖД Төтенше жағдайларды жою бөлімінің бастығы Әлімжан Марданов пен Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел құтқару жасағының басшысы Бақыт Ембергенов брифинг өткізіп, онда облыс аумағында православ христиандарының «Крещение Господие» рәсімі кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары жайлы айтылды.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН ҚАПЕРГЕ САЛДЫ

Қызылорда қаласындағы шіркеу аумағында және III ірілендірілген квартал маңында сондай-ақ, Арал ауданындағы Қамыстыбас көліне арнайы орындар белгіленіп, су алушылар мен суға түсушілерге арнайы басқаштар дайындалған. Сонымен қатар, аталған рәсім өтетін 18-19 қаңтар күндері ҚР ІМ «ОӘАЖҚ» ММ құтқарушылары дайындық тәртібіне келтіріліп, «Апаттар медицина орталығы» облыстық филиалы және қалалық төтенше жағдайлар басқармасының инспекторлық құрамы

бірлесіп, кезекшілік атқарады. ТЖД мамандары облыс тұрғындарына мерекені атап өту барысында барынша сақ болуды ескертті. Мәселен, құтқару жасағы мен медициналық қызметкерлерсіз шомылуға, ата-анасының немесе ересектердің қарауынсыз балалардың суға түсуіне, мұзды ойықтың жанында бір мезетте 20-дан астам адамның шоғырлануына тыйым салынған.

Ғ.ӘБІЛДА.

Аймақта тамшылатып суару әдістерін қолдана отырып, көкөніс өсіру жұмыстары жалғасуда. 60-тан аса жылыжай жұмыс жасап тұр. Осындай кешен салып, аймақтағы баға тұрақтылығына септігін тигізетіндер саны артып келеді. Ауыл шаруашылығы басқармасының көрсеткішіне жүгінсек, 2018 жылы облыста барлығы 7 гектарға жуық алқапта жылыжай жұмыс істеп, 385 тоннадан астам өнім жиналған.

© Ержан ҚОЖАСОВ.

ЖЫЛЫЖАЙ: БІЗДЕГІ БӘСЕКЕ ҚАНДАЙ?



Қала аумағында салынған 122 жылыжайдың бүгінде 52-сі жұмыс жасайды екен. Олардың барлығы өңір сұранысын толықтай қамтамасыз етеп тұр. Атап

айтқанда, қаланың батыс бөлігінен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның есебінен 5 гектар жерге құрылған жүргізіп, жылыжай кешенін салған жеке кәсіпкер «Натишаева» мен «Орда» шаруа қожалығы 100 тоннадан аса өнім алған. Сонымен қатар, «Натишаева» жеке кәсіпкерлігінің Қарауылтөбе ауылында өз қаржысы есебінен салынған жалпы көлемі 1 гектарды құрайтын жылыжайда былтыр егілген көкөністен барлығы 65 тон-

на қияр, 23 тонна қызанақ жиналған. Бұдан өзге «Ақбота-Бақдәулет» ЖК есебіндегі 0,4 гектарлық жылыжайдан екі маусымдық кезеңді қамтығанда 1,5 тонна қияр, 1,7 тонна қызанақ алынып, қаланың сауда орындарында сатылған. «Натишаева» жылыжайындағы өнім қазіргі таңда жиналу үстінде, ал «Ақбота-Бақдәулет» кешенінде көкөніс көшеттері маусымдық кезең бойынша отырғызылған.

Тағы бір сүйіншілейтін жаңалық, биыл Қызылорда қаласында «ҚазАгроМир» ЖШС-нің көлемі 2 гектардан асатын автоматтандырылған кешенді жылыжай жобасы іске қосылмақ. «ҚазАгроКаржы» АҚ арқылы қаржыландырылған жылыжай жаңа технология негізінде жұмыс істейді. Қазіргі таңда құрылыс толық аяқталып, су және электр жүйелерін орнату жұмыстары жүргізілуде. 1 миллиард теңгеден астам қаржыны құраған бұл жоба арқылы жылына 900 тонна томат өндіріледі деп жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, Шиелі ауданында 20 жеке кәсіпкердің бірігуімен жалпы көлемі 2 гектар болатын, қуаттылығы жылына 60 тонна көкөніс өнімдерін өндіретін жылыжай желісінің құрылысын салу жобасы да бар. Мұнан өзге, алдағы уақытта «Орда» шаруа қожалығы жылыжай аумағын 5 гектарға кеңейту жұмыстарын жүргізбек. Аталған нысандар іске қосылса, аймақ кәсіпкерлігінің көкжиегін кеңейтетін жылыжай шаруашылығы алға басар күн де алыс емес. Қытай мен көршілес өзбектің өнімін өздеріне ысырып, еліміздің әр түрліріне Қызылордалан қызанақ пен қияр тасымалданады деген мол сенім бар.

СЫН ШАҚТА СЫР АЛДЫРМАС ҮШІН

Қазір қыс мезгілі белортандан ауды. Әйтсе де, әзірге Сырдария өзенінің Арал ауданы мен Қызылорда қаласы аралығындағы аумағында ғана мұз толық ұстапты. «Қазгидромет» филиалының мәліметінше, қалаға қарасты Тасбөген су бекетінде жиектік қабыршақ мұздың жүру жағдайы байқалып отыр.

– Ауа райының құбылмалы және тұрақсыз болуына байланысты су деңгейі біршама көтерілді. Мұндағы судың қазіргі деңгейі – 704 сантиметр, ол 740 сантиметрге жеткенде қауіп туғызады. Жайылымдық жерлерді су шаюы мүмкін, – дейді филиал директоры Жұлдыз Қалымбетова.

Қысқасы, Сырдарияның сыры өзіне мәлім. Мінезін қашан, қалай құбыларын кесіп айту мүмкін емес. Қолдан келетіні – деңгейін ұдайы назарда ұстап, қауіпті еңсеруге сақалдай сай отыру. Облыстық жұмылдыру үшін өзен жағалай қоныстанған 56 елді мекенге 100-ден астам мекемені жауапты етіп бекітіп қойды. Мекемелер арнайы техника, қажетті жұмыс қолымен қамтамасыз етілген.

Эвакуациялық жинақтау, қабылдау пункттері қауіп туған қалған жағдайда әбгерге түскен тұрғындарды қабылдауға әзір.

Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының дерегіне сүйенсек, бүгінде «Шардарадан» төменге секундына 857 текше метр су жіберілуде. Жалпы, қоймадағы су мөлшері – 3 млрд 616 млн текше метр шамасында. Ал «Көксарай» секундына 400 текше метр су қабылдап жатыр. Онда 470,07 млн текше метр су жиналған. Облысқа секундына 415, Қызылорда су торабынан 450 текше метр су босатылуда. Мамандар Сырдариядағы су көлемінің ауа райына қарай реттеліп отыратынын айтады.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ЖОБА
Субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы

«Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштары қоспағанда) субсидиялау қандайлар бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуіріндегі №4-305 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде 11223 нөмірмен тіркелген) сәйкес Қазақстан Республикасының «ҚАЗПА» ЕТД-і.

1. Көші берілген отыратын субсидияланатын тыңайтқыш түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидияланатын нормаларын бекіткен.

2. «Субсидияланатын тыңайтқыш түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидияланатын нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 26 қыркүйегі №1027 қаулымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 6167 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін тиімділікке бақылау бөлімшесі 2018 жылғы 22 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылды.

3. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулымен ұсынадытын шараларды қолдайды.

4. Осы қаулымен орындауға бақылау Қазақстан облысы әкімінің орынбасары С. Қожаяновқа жүктелген.

5. Осы қаулы алғашқы рет жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі К. Қосбергалиев
Қызылорда облысы әкімінің 2019 жылғы «__» №__ қаулысымен Бекітілген

Субсидияланатын тыңайтқыш түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары

Table with 4 columns: № р/с, Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері, Тыңайтқыштың белсенді заттардың құрамы, % Олшем бірлігі, Бір өлшем бірлігіне арналған субсидия нормасы, теңге.

Table with 4 columns: №, Тыңайтқыш атауы, Тыңайтқыштың белсенді заттардың құрамы, % Олшем бірлігі, Бір өлшем бірлігіне арналған субсидия нормасы, теңге.

Table with 4 columns: №, Тыңайтқыш атауы, Тыңайтқыштың белсенді заттардың құрамы, % Олшем бірлігі, Бір өлшем бірлігіне арналған субсидия нормасы, теңге.

Table with 4 columns: №, Тыңайтқыш атауы, Тыңайтқыштың белсенді заттардың құрамы, % Олшем бірлігі, Бір өлшем бірлігіне арналған субсидия нормасы, теңге.

Table with 4 columns: №, Тыңайтқыш атауы, Тыңайтқыштың белсенді заттардың құрамы, % Олшем бірлігі, Бір өлшем бірлігіне арналған субсидия нормасы, теңге.

Қысқартылған сөздердің толық жазылуы:
N - азот; P - фосфор; S - күрделі; Mg - магний; B - бор; S + күрделі; O - оттегі; Ca - кальций; K - калий; Mo - молибден; Zn - цинк; Cu - медь; H - сутегі.

ҮЛКЕН ЖОЛ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМНАН

жеңіл өнеркәсіптің еңсесі қалай көтеріледі?

Ашық нарыққа еркін енген соң, сапа да жоғарылайды. Д.Абызовтың айтуынша, қызылордалық жеңіл өнеркәсіпшілердің күші сұраныстың барлығын өтеуге жетпейтін мұмкін. Ең құрығында 15-20 процентін игеру, бәсекелестік алаңына кіру жоспары бар. Жұмысты мектеп формасынан бастап, кейін ауруханалардың жабықтары, формаларды тігуді қолға алуға ынталы.



Түркияның жеңіл өнеркәсіпті дамытудағы тәжірибесі қандай? Мысалы, аяқ киімді алайық, оның дизайнын бір маман жасайды, табынын бір кәсіпкер тігеді, былғарыны бір кәсіпкер дайындайды, енді бір цехта осылардың барлығы қосылып, тігіліп, желімделіп жатады. Жейде де солай. Тігетін цех бөлек, жағасын ыстық преспен жапсыратын калып цехы бөлек. Бізде де жоғарыда айтқан мектеп формасын бір тігін цехы шалбарын, екіншісі пиджак тігетіндей етіп ұйымдастыруға не келергі?

Әріптестерімнен бірге «Ergon textile» атты костюм-шалбар, пальто, т.б тауарлар тігетін компанияда болдық. Фабрика ең соңғы үлгідегі европалық құрылғылармен жабдықталған. Күнне 1000 костюм тігеді. Сондай-ақ, аптасына 2500 жұп аяқ киім тігетін «Ата shoes» фабрикасымен таныстық, – дейді ол.

Бізге Кеңес заманынан қалған өнімді завод, фабрикалар ғана өндіреді деген түсінік бар. Түркияда киім-кешек өндірісі айналасы 3 бөлме-көптердің көлемінде шағын аумақта дамып жатыр. Әрі кетсе, 60 шаршы метрлік дүкен, ар жағындағы цехта киім тігіледі.

Кәсіпкерлер палатасының сарапшысы Гүлдана Танатова-

ның айтуынша, тур барысында қызылордалық кәсіпкерлер Түркиядағы халық тұтынатын, көпшілік қолданатын киім, шұлық, аяқ киім шығаратын фабрикаларына барып, жұмыстарымен танысты. Отандық өндірісті қолдаудың тетіктері тегеурінді түрде іске қосылса, жеңіл өнеркәсіпті дамытуға әбден болады. Бізде он шақты мұндай компаниясы бар. Олардың қысқы, күздік арнаулы киімдерін тігуге сыртқа тапсырыс беріледі. Ассоциация осы кәсіптің айналасында жүрген азаматтардың басын біртүрлі, көп мәселе шешіледі деп ойлаймын.

«Қолөнер» ұлттық нақыш орталығының басшысы Аида Керімқұлованың күнделікті киюге арналған заманауи ұлттық киім тігуді ісін өркендетуде өзіндік жобалары бар болғандықтан, Түркия тәжірибесінен үйренгені мол. Қазір «Арай сити молл» сауда үйі мен «Сұлтан плаза» конак үйінен ашылған нүктелерде орталық шеберлерінің қолынан

шыққан бұйымдар сатылууда. – Біздің асыл қазынамыз – ұлттық бұйымдарымыздың жасалу жолын, сырын атадан балаға мирас етіп қалдырсақ, кәсіпті отбасылық бизнеске ұластырсақ деген ойымыз бар. Осыдан біршама уақыт бұрын консьюмизм өзбек халқының чеканка жасау дәстүрін менгерген отбасының кәсібімен таныстым. Жұмыс барысын отбасының үлкендері бақылап тұр. Жас-наулы үйретуде, яғни бұл отбасының чеканка жасаудағы өзіндік құпиясын ешкім білмейді. Осылайша ұрпағына үйретіп, өмірлік наным табатын кәсібіне айналдырған, – дейді ол.

Әрине, жеңіл өнеркәсіптің бүгінгі күйі ұйымдастырушылық пен жанаушылықсыз оналмайды. Үлкен жол алғашқы қадамнан басталатын ескерсек, кәсіпкерлердің бірігу идеясы – баянды тірліктің бастамасы секілді. Кім біледі «Made in Kyzylorda» бренді қалыптасатын күн де алыс емес шығар!?

Айқын мақсаты мен өзіндік ұстанымы бар жас бұйымға қолдау көреткен «Zhas Project» жобасы бірталай адамның кәсіпін айналысуына сеп болды. Ауқымды жобаны қолға алғандардың арасында Әсел Бекбанова да бар. Бүгінде ол мемлекеттің қолдауын ұтымды пайдаланып, бөлінген грантқа «Көркем» атты әлеуметтік шаштараз ашып, кәсібін дөңгелентіп отыр.

Шынар БЕКБАН

Әселдің әлеуметтік шаштаразы

Әсел – ес білгелі ата-анадан жырақ кетіп, еңбекке ерте араласқан жанның бірі. Ерте араласқаны тұрмыс жағдайының төмендігінен емес, енектің адал нанын жеу негізгі мақсаты емес. Жанында сіндісі Арайлым мен құрбысы Айтқолын бар. Екеуі де маман. Тәжірибелі жастардан құралған шаштараздың бұл күнде аяқ алысы жаман емес.



еді. Ол мектеп жасында-ақ, шаштараздық кәсіпке қызықты. Бүгінге дейін осы саладағы ұстазы Ләззат Мауленованың қарауында жұмыс істеп, шаштараздың қыр-сырын үйренді. Зейінді жас сүйген кәсіпін жылдам менгеріп алды. Қазір өзі де өзгелерге тәлімгер болуға жарам қалды.

Әсел көптен бері сұлулық мектебін ашуды армандап келген. Уақыт өте келе ол жеке шығуы көзделіп, бағдарламалар ережесімен танысалды. Жоспарын «Zhas Project» жобасы арқылы жүзеге асыруға бел буды. Ұстазы Ләззаттың келісімімен, өз алдына бөлек шығып, кәсіпкерлік нысан ашып, қала тұрғындарына қызмет ете бастады. Қызылорда қаласындағы Торайғыров көшесіндегі бойынан «Көркем» сұлулық салонын ашты. Салон 6 ай ішінде әлеуметтік аз қамтылған 100 адамға ақысыз қызмет көрсетеді. Әсел жалғыз

– Елде жастарға демеу бар. Тек тірлікке таптырсақ болғаны. Бүгінге дейін осы саладағы ұстазы Ләззат Мауленованың қарауында жұмыс істеп, шаштараздың қыр-сырын үйренді. Зейінді жас сүйген кәсіпін жылдам менгеріп алды. Қазір өзі де өзгелерге тәлімгер болуға жарам қалды.

«Zhas Project» әлеуметтік жобасы жастарға қаржылай демеушілік көрсетіп, жемініне 1 000 000 теңге көлемінде қайтарымсыз грант негізінде қаржы береді. Халықаралық қайта құру және даму банкі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бірлесуімен жүзеге асқан жоба өткен жылы басталып, еліміздің төрт облысынан 2000-ға жуық жасты қамтыған. Облыс бойынша жобаға қатысуға 670-тен астам жас тәуекел еткен. Жуырда олар іріктеу сынағынан өтіп, 266 жеңімпаз бір миллион теңге ұтып алды.



Халықтық ем құндылықтары

Назарбаев зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы Әліхан Қалқазбек пен 9-сынып оқушысы Әліхан Әжібеков түрлі басылымдарда шыққан халықтық ем түрлері, көріпкелдердің, емшілердің, «отбасы докторларының» күнделікті пайдаланған ем-дом тәсілдерін 9 кітапшаға жинақтап шығарды.

Халық арасында көп таралған 54 түрлі науқастың пайда болу себептері мен оны емдеу жолдары жинақталған кітапшалар арқайысы 50 дана таралыммен орыс тілінде жарық көрді. Мұндағы материалдар соңғы 20 жылда түрлі кітаптарда, газеттерде, журналдарда жарияланған, атап айтсақ, біртұрақ медициналық энциклопедиялардан, дәрілік шөптер, олармен емдеу, дәрісіз емдеу туралы анықтамалықтардан, ең сұбелі материалдар «отбасылық докторлардың» «Здоровый образ жизни» (ЗОЖ), «Лечебные письма», «Доктор Айболит» және басқа да дереккөздерінен алынып, онда қандай аурудан қалай жазылғаны, емнің түрі жайлы және материалдардың шыққан жылы, нөмірі және авторлары туралы толық мәліметтер берілген.

Мысалы, №9 кітапшада бірінші жапон профессоры Кацудзо Нишидің денсаулық сақтау жөніндегі кеңестері келтірілген. К.Ниши барлық науқастар емделудің пайда болуының себептерін жою, адам организмінің имундық қабілетін арттырудың жолдарын ұсынған. Осы кітапшада сонымен қатар, таби-

ғат заңдылықтарын түсініп, оны дұрыс пайдаланып, аурудың алдын ала отырып, науқастықты болдырмау жолдары көрсетіледі. Біз пайдаланып жүрген дәстүрлі медицина ауруды емдеуді үйретсе, Ниши жүйесі оның себебін анықтап, оны ауыстырып болдырмаудың жолдарын ұсынады.

Қалған 8 кітапшада күнделікті өмірде көп кездесетін 54 аурудың кәліп пайда болуының және оны емдеу тәсілдері келтірілген. Жас ізденімпаздар еңбегі оңай әрі жеңіл оқылады, қолдануға ыңғайлы. Атап айтқанда, №1 кітапшада 7 ауру жайлы баяндалған, олар: радикулит, остеохондроз, подагра, гемороид, диабет, ЗОБ, омыртқа мен буын аурулары болса, №3 кітапшада жүрек-қан тамырлары аурулары, ал №7 кітапшада асқазан-ішек ауруларының пайда болуы мен оны емдеудің халықтық тәсілдері жинақталған.

Кітапшалардағы ұсынылып отырған емдеу тәсілдері емдеуші дәрігерлермен келісілуі керек және медициналық мекемелердің жүргізетін емдомына қосымша есебінде пайдаланылуы мүмкін.

А.ЖУМАТОВ.

ӨMIRDІŇ ÓZINEN

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Бірде Қазалыда жауапты қызметтер атқарған Өмірзақ Ахметовті арнайы іздеп бардым. Қасымда «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қасқырбек Мәмбетжан. Өмекең темірдей тәртіпті сүйетін кісі екен, тоқсанның төріне шықса да жинақы, қуатты, шебер сөйлейтін болмысын байқатқып отырдым. Сондықтан ауылдағылар оның үстінен асып бара қоймайтын, аяқ тартып қайтатын ұқсайды. Менің сырт жерден келгенімді сыйлағаны шығар, ашық әңгіме құрдық. Соның ішіндегі мына оқиға бөлек дүние еді.

«Менің Шымкент облысы Арыс аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Шәріп Қосмамбетов деген ағам болды. Соған 1946 жылы қыдырып бардым. Ағамның үйінде казактың қайталанбас балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов бар екен. Астан кейін кең әңгімелесу болды. Оған

арқау болған Қажымұқан мен Иван Поддубный аяқасы еді. Негізінде жеміс Мұқан жағында болған ұқсайды. Өйткені ол «сол кезгі саясат солай еді» деп қалды. Неге дейміз ғой біз. Қажекеннің жанын қоймаған соң ол епттеп шынықты шығарды:

– Кілемге Поддубныймен

шығуым керек болды. Ә дегеннен кара күшті қосып, белінен қапсыра құшақтап, жамбасқа икемдеп қалып едім, ол жай ғана қулағымға сыбырлап «опитише» деді. Мен түсіне қойдым да босатып жібердім. Себебі Ресей атынан барған 15 балуанның ішінде жалғыз мен ғана өзге ұлт өкілімін. Оң төрті тұрып, мен жеңіп кетсем олар кешірмейтін еді. Және Кара теңіздің үстінде келе жатып суға лақтырып кетуі әбден мүмкін-тұғын. Осыны ойлап, амалсыз берілуге тура келдім, – деді.

Иә, Қажымұқанның мұндай құпиясы енді айтылып жатыр. Бәлкім, боз кілемде, саясат сахнасында, тіпті тарихта талай «китжығыстар» да өткен шығар.

Қаныбек ӘБДУОВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Кедейлік шегінің мөлшерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 31 тамыздағы №290 бұйрығына (ҚР

Әділет министрлігінде 27.09.2017 ж. №15766 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысы бойынша 2019 жылғы 1-тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 14142 теңгені құрайды.

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқарма басшысы мен басшы орынбасарларының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Атқаратын лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Усаин Медет	Басқарма басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні 16:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, 4-қабат, №407 бөлме	60-53-87
Жоламанов Ерлан Ералыұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның бейсенбі күні 16:00-ден 18:00-ге дейін		60-53-88
Құдабекова Қыдырқұл Нұрабайқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның жұма күні 16:00-ден 18:00-ге дейін		60-53-89
Жаңабаяв Ерлан Максатұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сейсенбі күні 16:00-ден 18:00-ге дейін		60-53-58

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Байланыс операторының ауысуына байланысты «Сыр медиа» ЖШС басқаруындағы телефон нөмірлері өзгертілетінін хабарлаймыз.

Сәріктестік басшылығына және оған қарасты облыстық «Сыр бойы» газетінің редакциясына хабарласу үшін 40-11-10 нөмірінен кейін қажетті санды тересіз.

Бас директордың қабылдау бөлімі – 1002
Бас редактор – 1007
Бас редактордың орынбасары – 1053
Жауапты хатшы – 1037
Бөлімдер:
Руханият және ақпарат – 1039, 1040
Экономика – 1038, 1033
Әлеумет және саясат – 1034
Жарнама – 1058
Есеп-қисап – 1052
Компьютер орталығы – 1036
Корректорлар – 1035



Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36
40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 29164
Тапсырыс №19

Кезекші редактор Мәдір ҚАЛЫМБЕТ.